

Ұсыныстар

COM/EC/REC/002/FINAL

**Жетінші отырыс
2019 ж. 8 сәуір, Баку**

**ЖАЛПЫҒА ҚОЛЖЕТІМДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ:
ТҮРКПА МҮШЕ ЕЛДЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ БИЗНЕС ӘЛЕМІ
АРАСЫНДАҒЫ КӨПЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

Парламенттік Ассамблея:

ТҮРКПА қатысушы елдері арасындағы жайлы экономикалық қатынастардың жоғары деңгейін мойындап және қатысушы елдердің осы салада ерекше маңызды екендігін мойындап;

ТҮРКПА қатысушы елдердің экономикасында жаңа технологияларды енгізу мен сәтті қолдануды жоғары бағалап;

2018 жылғы 27 қыркүйекте Анкарада өткен ТҮРКПА Экономикалық ынтымақтастық комиссиясының 6-шы отырысында қаралған «ТҮРКПА қатысушы елдердегі инновациялардың болашағы» тақырыбының маңыздылығын атап бағалап;

2018 жылғы 3 қыркүйекте Чолпон-Атада өткен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің (ТТМЫК) 6-шы Саммиті «Спорттың ұлттық түрлері мен жастар саласындағы ынтымақтастық» тақырыбына арналғанын ерекше атап бағалап;

ТҮРКПА қатысушы елдердің Ұлттық ғылым академияларының ғалымдары мен қатысушы елдердің жетекші университеттерінің зерттеу орталықтарының өзара ынтымақтастығын жоғары бағалап;

ТҮРКПА қатысушы елдері арасында ғылым саласындағы мұнан былайғы қатынастардың қажеттілігін көрсетіп;

Стартаптар мен жастардың бизнес-идеяларын, жаңа инновациялар мен жаңа технологияларды енгізуді қолдауға арналған БҰҰ «Идеядан кәсіпкерлікке дейін» Даму бағдарламасының жобасын (БҰҰДБ) мақұлдап;

Жаңа технологияларды дамыту үшін ғылым мен кәсіпкерлікті біріктіру процестерін барлық тараптар үшін пайдалы болатын жайлы және тиімді негізде бірлескен механизмдер мен тәжірибелерді құру арқылы онан әрі жетілдіру қажеттілігін ескеріп;

Әлемдік экономиканың дамуында жаңа технологиялар саласындағы ашылған ғылыми жаңалықтардың маңызды рөлін атап бағалап;

Жаңа технологиялар саласында инновациялық өнертабыстар тәжірибелері бар және өздерінің тәжірибелерін пайдаланатын елдер;

Өндірісте жаңа заманауи технологияларды қолдану саласында қатысушы елдердің ынтымақтастығының қажеттілігін айтып белгілеп;

Мүше елдер парламенттеріне ұсынады:

а) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға, өндіріске жаңа технологияларды енгізуге шығындарды жоғарлату мақсатында экономикалық қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған жеңілдікті салық салудың ынталандырушы жүйесін құру;

б) қатысушы елдердің инженерлік-техникалық кадрларының, және де сонымен қатар жоғары оқу орындардың ғылыми-зерттеу институттар қызметкерлерінің біліктілігін жоғарлату;

в) жас кәсіпкерлердің негізгі қызметтері үшін жағдайлар жасау мақсатында кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған заңнаманы қарау;

г) әлемдік экономикада жаңа технологиялардың даму беталыстарын талқылау мен талдау үшін қатысушы елдердің инновациялармен айналысатын Ұлттық ғылым академиялар институттары арасында тәжірибе алмасу және өзара ынтымақтастықтарын дамыту;

д) ТҮРКПА Экономикалық ынтымақтастық комиссиясы мүшелері мен тиісті сарапшыларын қатысушы елдердің инновациялық өндіріс саласындағы

заңнамалық базаны жетілдіру мақсатында жоғары технологияларды дамыту бойынша ұйымдастырылған халықаралық экономикалық тақырыптық форумдарға жіберу;

е) инновациялар саласында қатысушы елдердің заңнамасын жетілдіру мақсатында инвестициялар мен инновациялармен айналысатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлері мен парламенттердің тиісті департаменттерінің мамандары арасында пікірсайыстарды ұйымдастыру;

ж) ТҮРКПА қатысушы елдерінің парламенттерінің ауыл шаруашылық комитеттері арасында қатынастарды орнату, жаңа технологиялық ауыл шаруашылық техника саласында тәжірибе алмасу

з) жоғарыда аталған барлық механизмдер жалпы инвестициялық және инновациялық бағдарламаның аясында және ТҮРКПА қатысушы елдерінің қолдауымен қаралуы қажет.